

Жамбыл облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы

Жамбыл облысының әкімдігінің 2019 жылғы 7 тамыздағы № 168 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 тамызда № 4314 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 34 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10335 болып тіркелген) сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жамбыл облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер белгіленсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдауын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.Шүкеевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мырзахметов

Жамбыл облысы әкімдігінің

2019 жылғы "___" _____

№ ___ қаулысына қосымша

Жамбыл облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер

№	Су объектісінің атауы	Көпшілік демалатын орын	Орналасқан жері
1.	"Зербұлақ" көпшілік демалатын орын	жағажай	Тараз қаласы М.Х. Дулати көшесі
2.	"Сарыбалдақ" су қоймасы	жағажай	Байзақ ауданы, Ақжар ауылы
3.	"Теріс-Ащыбұлақ" су қоймасы	жағажай	Жуалы ауданы, Қызыл Арық ауылы
4.	"Қарабастау" бұлағы	жағажай	Жуалы ауданы, Қарабастау ауылы
5.	"Сеңгірбай" су қоймасы	жағажай	Жамбыл ауданы, Шайдана ауылы
6.	"Сеңгірбай - 2" (Аюбай) су қоймасы	жағажай	Жамбыл ауданы, Сеңгірбай ауылы
7.	"Саяхат" көпшілік демалатын орын	жағажай	Қордай ауданы, Қордай ауылы
8.	"Алмаз" су қоймасы	жағажай	Қордай ауданы, Бетқайнар ауылы
9.	"СССР" кешені	көпшілік демалатын орын (бассейн)	Қордай ауданы, Қордай ауылы, Жібек жолы көшесі № 480
10.	"Тұран" кешені	көпшілік демалатын орын (бассейн)	Қордай ауданы, Қордай ауылы, Жібек жолы көшесі
11.	"Комсомольское" көлі	жағажай	Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы
12.	"Тау самалы" көпшілік демалатын орын	көпшілік демалатын орын (бассейн)	Т. Рысқұлов ауданы, Қарақыстақ тау шатқалы
13.	"Қыстақ" көпшілік демалатын орын	көпшілік демалатын орын (бассейн)	Т. Рысқұлов ауданы, Қарақыстақ ауылы
14.	"Жартас" су қоймасы	жағажай	Талас ауданы, Қаратау қаласы
15.	"Тасөткел" су қоймасы	жағажай	Шу ауданы, Белбасар ауылы